

**Қазақстан Республикасының азаматтарын Федоров ауданының шақыру
учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 шешімі. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 желтоқсанда № 9-20-204 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 4-13/824 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2012.07.02 № 4-13/824 хатымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының ә к і м і

Ш Е Ш Т І :

1. Қазақстан Республикасының еркек жынысты, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын азаматтарын "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу 2012 жылдың қаңтар-наурызында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін (келісім б о й ы н ш а) .

2. "Қостанай облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы Федоров аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп, тіркеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Селолық округтер, Федоров селосының әкімдері:

1) тіркеуге жататын азаматтарға хабарлауды ұйымдастырсын және олардың шақыру учаскесіне уақытында келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыру учаскесіне азаматтарды жеткізу үшін ілесіп жүретін адамдарды бөлсін, оларды жеткізу кезінде қолайсыз жағдайларды болдырмау үшін шаралар қ о л д а н с ы н .

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай облысының Ішкі істер департаменті Федоров ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік

мекемесіне (келісім бойынша) тіркеу жүргізу кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) "Федоров ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп:

1) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеуге арналған нарядты ауданның оқу орындарына жеткізу;

2) бастапқы әскери даярлықтың ұйымдастырушы оқытушыларын әскери - оқу орындары бойынша анықтамалық материалдармен қамтамасыз ету, олардың жұмысын ұйымдастыру;

3) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстың басталуы туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлама беру;

4) әскери-оқу орнына түсуге әскери-кәсіптік бағыттау мақсатында, әр әскер жасына дейінгілермен жеке әңгімелесу жүргізу ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ. Өтегеновке жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін бастап қолданысқа енгізіледі.

Ф е д о р о в

ауданының әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қостанай облысының ішкі істер
Департаментінің Федоров
ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Файзуллин

"Қостанай облысы Федоров
ауданының қорғаныс істер
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Е. Тортаев

Қостанай облысы әкімдігінің
Денсаулық сақтау басқармасы
"Федоров аудандық орталық
аурухана" мемлекеттік

*коммуналдық қазыналық
кәсіпорынның бас дәрігері*

_____ *В. Финк*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК